

Кенбаева Айнур Зинеловнаның
«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы
мен поэтикасы» диссертациясының
АҢДАТПАСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазіргі филологиялық ғылымда белгілі бір теориялық ұғымды зерттеу кешенді зерттеу әдістері арқылы жүзеге асады және бірнеше пәндердің тоғысында алынып, ортақ жүйеге түсіріліп зерделенеді. Бұл ретте ұлттық руханияттың бастауы саналатын фольклордың өзінің синкретті сипатына орай басқа да ғылым салаларымен байланысты дамып келе жатқанын айтқанымыз жөн.

Фольклор – халықтың бағзы заманалардан бері жинаған өмірден түйген тәжірибесі, ұлттық рухани қор ретінде атадан балаға беріліп келе жатқан халықтың таным дүниесі ғана емес, сонымен бірге гуманитарлық саладағы басқа да ғылымдардың дамуына ақпарат көздерін беруші, этнография, тарих, философия және лингвистикамен байланысты орны бөлек сала. Бұл аталған ғылымдар фольклордан өздеріне қажет мәліметтерді алып, даму жолдарын кеңейте алады. Фольклордың синкреттілік сипаты осы арада анық көрінеді. Халық өмірінен мол ақпарат беретін фольклордың функциясы сан тарау. Фольклор үлгілеріне назар аударсақ, жиі қолданысқа түсетін топонимдерге кез боламыз. Фольклорда аталатын топонимдер географиялық нысанның номендік аталымы ғана емес, әр атаудың астарында көмкерілген сыр, поэтикалық сипат бар. Топонимдерге байланысты мифтік сюжеттер де жетіп артылады. Халық шығармашылығына арқау болған бұндай сюжеттер өз зерттеушісін күтіп тұрғандығы сөзсіз. Сондықтан да бүгінгі таңда фольклормен етене байланысты зерттеліп отырған ғылым саласының бірі – топонимика. Топонимика ғылымының да өзіндік тарихы бар екендігі белгілі. Көрнекті ономаст ғалым Т.Жанұзақ бұл жөнінде былай деп жазады: «Қазақ топонимикасын зерттеу ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан басталады. Бұл кезде П.П.Семенов Тянь-Шанский, Г.Н.Потанин, Ш.Уәлиханов, т.б. кейбір өзен, көл, тау, сай аттарының шығу тарихына арналған шағын мақалалар жазды. Қазақстан топонимдерін ғылыми жолда зерттеу кеңестік дәуірде қолға алынды. 30-40 жылдары Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, С.Аманжолов, С.Әлиев, Н.Баяндин газет-журнал беттерінде топонимдер жайлы қысқаша материалдар жариялап тұрды [1, б. 17].

Топонимика – жер-су атауларын зерттейтін география ғылымының саласы. Оның нысаны география болғанымен, негізінен, тіл білімінің саласы ретінде ғылыми пән болып қалыптасты. Алайда, кез келген ғылымның бір орнында тұрмайтыны секілді, топонимика да дамудың жаңа арнасына түсті. Әсіресе тарихпен байланысы, әдебиетте қолданысқа түсуі зерттеле бастады. Ең бастысы айнала қоршаған ортаның түрін түстеп білу, оның әр құбылысын өзіне сай келетін атаумен атау, елді мекен, жайлау, қыстау, көші-қон координатасы, аспан әлемінің атаулары бәрі-бәрі фольклорда көрініс беретін

болса, ал оның нақты аталымдары топоним түрінде таңбалаынады. Міне, осы негізде туындайтын топонимдік фольклор жанры тегі бір түркі халықтарының ортақ шығармашылық өнімі болып табылады.

Фольклор сюжеттерінде орын алған топонимдер шығармаға танымдық сипат дарытады, оқиғаның сенімді баяндалуына негіз болып, тарихи дереккөз ретінде қызмет етеді. Топонимдердің, бұлармен қоса, ақпараттық, танымдық, мекендік-адрестік, символдық қызметтері де бар. Топонимдер халықтың тарихи санасынан да хабар бере алады. Себебі кейбір топонимдер мифтік санамен байланысты болып келіп, дүниенің жаратылысы, табиғат құбылысы сияқты халықтық танымдарды мифопоэтикалық негізде санаға сіңіреді.

Топонимдер аңыз, әпсана-хикаят сюжеттеріне арқау болуымен, эпос кейіпкерлерінің жол сапарын айқындауымен, кеңістікте бағдар беруімен ерекшеленеді. Егер фольклор сюжеттерінен топонимдерді алып тастар болсақ, онда аңыз не эпос кейіпкерінің кеңістікте жол тауып жүруі дұдамал болып, шығармадан ешқандай мағлұмат ала алмас едік. Топонимдердің фольклор туындыларында атқаратын қызметі осыдан-ақ байқалады. Сондықтан фольклор мен топонимиканың осындай байланыс-бірлігі арқылы туындайтын «топонимдік фольклор» жанры түркі халықтарының шығармашылық өнерінің айқын көрінісі болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі. Топонимдік фольклор – ұлттық руханияттың қайнар көзінің бірі. Бәрінен бұрын ол даламен кіндіктес өмір сүріп, көшпенді өмір салтын ұстанған түркі халықтарына тән жанрлық жүйе. Топонимдік фольклордың құрамына ертегіден тыс халық прозасы жанрларын, батырлық, ғашықтық эпостарды, тарихи жырларды жатқызамыз. Өйткені осы жанрларда топонимдер көптеп қолданысқа түскен.

Ертегілердің дастандардан, жырлардан ерекшелігі нақты топонимдердің кездеспеуінде, оларда географиялық нысандар «жер, тау, су, дария, көл» деп жалпылама аталады. Бұл ертегі қалыптасқан заманда халықтың кеңістікті, жерлерді әлі толық игермегенін, меншіктемегенін көрсетеді. Ал топонимдік атаулар – игерілген, қыр-сырлары ашылған кеңістіктің жемісі. Адамның аяғы жаңа жерлерге тиген сайын атаулар легі пайда болып, халық санасында жаңа ұғымдар қалыптасады. Топонимдік фольклор көшпелі, жартылай көшпелі өмір салтын ұстанған түркі халықтарына тән деуіміздің себебі де осында.

Топонимдер аңыз, әпсана-хикаяттармен қатар эпоста да ерекше қызмет атқарады. Эпос, қисса-дастандардағы топонимдердің жиілігіне, таралу ареалына, географиясына қарай отырып, эпостық шығарманың поэтикалық стилін, жырау миссиясын, оның идеясын, жалпы шығарманың болмысын аңғарамыз. Кей эпостарда топонимдер көптеп кездеспей, бірлі-жарым санаулы түрде көрініс береді. Бірақ топонимдердің эпостарда алатын орны айрықша. Эпостың идеясын ашуда, қаһармандардың жорық жолдарын көрсетуде деректі қызмет етіп, эпизодтарды толықтырады, образды, әрекеттерді суреттеуде нақтылық дарытады. Сондай-ақ, олар эпостағы эпизод аралық сюжеттік байланысты реттеуші, өзіндік эпикалық конфликтті (тартысты) реттеуші композициялық тұтас желі болып табылады. Топонимдердің мұндай стильдік мақсатқа топтастырылуы уақыт пен кеңістік шегінде географиялық нысанның

анық шекарасын көрсетуге қызмет етсе, эпоста қолданылатын поэтикалық топонимдер сюжеттік ситуациялардың белгілі бір мекенге қатынасынан көрініс беретінін байқауға болады. Фольклортанушылар мифологияны табиғи объектілер мен құбылыстар туралы, адамзаттың өміршеңдігі мен діни идеялары туралы иррационалды мағынада баяндайтын ауызша халық шығармашылығының ерекше түрі және көбінесе прозалық жанры ретінде қарастырады. Осыдан туындайтын қорытынды – фольклордың негізінде миф жатыр, яғни халықтың тарихи санасында кодталған көне танымдары жатыр. Сондықтан, бұл танымдардың да, жоғарыда аталған барлық ерекшеліктердің де жер-су туралы фольклорлық шығармаларда орын алатыны заңды.

Түркі халықтарының топонимдік фольклорының жанрлық ерекшеліктерін ашу, фольклор мен топонимика ғылымдарының өзара байланыстылығы негізінде туындайтын жаңа танымдық дүниелерді сараптау. Сайып келгенде, бұның бәрі – түркі дүниесінің бірлігіне алып келетін фактор. Қазір жердің тұтастығы, елдің бірлігі – ең маңызды мәселе. Ал, жеріміздің ауызша болса да жасалған топонимдік картасы, өлкеміздің шежірелі тарихы топонимдік фольклорда жатыр.

Зерттеудің мақсаты: Диссертациялық жұмыстың мақсаты – түркі халықтарының фольклорында қолданысқа түсетін топонимдердің типологиясы мен поэтикасын зерттеу. Осы мақсаттан мынадай **міндеттер** туындайды:

- фольклор мен топонимика ғылымдарының өзара байланысын ашу;
- топонимдік фольклордың түркі халықтарына ортақ сипаттарын анықтау;
- топонимдік фольклордың жаңа ғылыми парадигмадағы маңыздылығын көрсету;
- фольклор сюжеттерінде орын алған топонимдердің функциясын айқындау;
- түркі халықтары топонимдік фольклорының типологиясын мен поэтикасын зерттеу;
- топонимдердің батырлық және ғашықтық эпостарда қолданылу ерекшеліктерін зерттеу (қазақ, қарақалпақ, татар халықтары эпосы бойынша);
- эпос поэтикасында қолданысқа түсетін топонимдердің түркі халықтарының ұлттық-мәдени байланыстылығын көрсетететін мәнін сараптау.

Зерттеу нысаны. Қазақ жырлары – «Едіге», «Ер Тарғын», «Сайын батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Асылбек пен Гүлжиһан», «Жаскелең»; қарақалпақ дастандары – «Едиге», «Ер Зийуар», «Ер Сайым», «Әреп – Райхан», «Меңликал», «Гүл – Сәниуар»; татар дастандары – «Жик Мәргән», «Ақ Күбак», «Шахсанем – Ғариб», «Бүз егет», «Түләк».

Зерттеу пәні. Түркі халықтарының топонимдік фольклоры.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасын белгіленген міндеттер тұрғысынан зерттеу үшін мынадай ғалымдардың теориялық-әдіснамалық тұжырымдары мен іргелі еңбектері басшылыққа алынды:

фольклор, фольклордағы сюжеттік желі мен мотив мәселесі, фольклордың топонимикамен байланысы жөнінде отандық ғалымдар С.Қасқабасов, М.Мырзахметов, А.Сейдімбеков, Ш.Ыбыраев, Б.Рахымов, К.Бердібай, А.Ш.Пангереев, т.б. зерттеу еңбектерінен, шетелдік ғалымдар В.Я.Пропп, М.А.Атаманов, В.А.Никонов, Ю.В.Лиморенко, Д.Ю.Ильин, В.И.Супрун еңбектері бүгінгі таңда фольклортану саласының жаңа арнасы кросс-мәдени, лингвофольклортану жайлы В. фон Гумбольдт, А.П.Евгеньева, А.В.Десницкая, П.Г.Богатырев, А.Т.Хроленко, З.К.Тарланов, Ю.В.Рождественский, А.В.Блинов, З.Д.Попова, И.А.Стернин, Т.В.Жеребило, М.В.Пименова, Н.С.Валгина, И.Р.Гальперин, З.Я.Тураева, А.Ф.Папина зерттеулері; татар фольклортанушыларының А.Р.Биктимирова, Г.З.Дарзаманова, Г.Р.Ганиева, Л.М.Хамитова, С.С.Агабейги, С.А.Абдуллаева, Д.Т.Алиева; қарақалпақ зерттеушілері Қ.М.Оллоёров, Қ.Әбдимуратов, М.Қурбанов, Д.Юлдашев, Г.Мамбетова, Г.Абишов, Ш.Н.Абдиназимов, А.Т.Абдиев, Ш. Кунназарова, Б.Г. Диланов, Г.Е. Қарлыбаева, Х.Толибаев; топонимдердің классификациясын нақтылап жүйелеуде А.В.Суперанская, Н.В.Подольская, В.П.Семенов Тянь-Шанский, А.М.Селищев, В.Ташицкий, Джордж Р.Стюарт, В.А.Жучкевич; қазақ жеріндегі топонимдік атаулардың уәждік, деректік сапасын анықтауда А.Абдрахманов, Г.Конкашпаев, Е.Койшыбаева, Т.Жанұзақов, В.Н.Попов, О.Султаньяев, Е.Керимбаев, А.Кожанов, Б.Бектасова, Ғ.Мадиева, А.Жартыбаев, К.Сембиев, К.Рысбергенова, У.Ержанова; топонимдік тұлға жайлы С.Г.Воркаев, В.И.Карасик, Р.И.Розина, Т.Н.Снитко, Ю.С.Степенев, Е.Л.Березович, М.В.Голомидов, Л.М.Дмитриева, М.Э.Рут, И.С.Карабулатова және т.б. ғалымдардың пікірлері мен көзқарастары, ғылыми еңбектері жұмыстың теориялық өзегі етіп алынды.

Зерттеу дереккөздері. Зерттеу тақырыбы бойынша қазақстандық, таяу және алыс шетел ғалымдарының теориялық еңбектері, жинақтарға енген аңыз, әпсана, мифтік сюжеттер, жыр мәтіндері пайдаланылды. Респонденттермен жүргізілген ассоциативтік тәжірибе деректері (барлығы 2190 респондент) негізге алынды.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық жұмыста алға қойған мақсат-міндеттер бойынша кешенді зерттеу жүргізіліп, талдау, салыстыру, сипаттау, саралау, жүйелеу, қорыту сияқты жалпы ғылыми талдау әдіс-тәсілдері, басқа да арнайы зерттеу әдістері қолданылды. Атап айтқанда, эпостағы топонимдерді лингвопоэтикалық жағынан салыстырмалы-тарихи зерттеу, категориялау, модельдеу, когнитивтік, гнесеологиялық, кросс-мәдени тұрғыда талдау үлгілері басшылыққа алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Бүгінгі күнге дейін топонимиканың тілдік және географиялық категория ретінде қарастырылып келгені белгілі. Қазіргі таңдағы ғылымның жаңа талаптары біздің алдымызға жаңа міндеттер қойып отыр. Әрбір ғылым саласы өз алдына оқшауланбай, бір-бірімен тығыз байланыса отырып дамыса, жаңа танымдық дүниелер жасалады. Сондықтан бізден бұрын топонимиканы фольклормен тығыз бірлестікте қарастырған «қазақ топонимдік фольклоры» жанрын одан әрі дамытып, «түркі халықтары

топонимдік фольклоры» қарымында зерттеу күн тәртібіне қойылды. Бұл келелі тақырыпты кеңейте зерттеу өзінен-өзі сұранып тұрған мәселе деуге болады. Өйткені топонимдік фольклордың табиғаты өмір салты, дүниетанымы ұқсас басқа да түркі халықтарына тән. Түркі халықтарының топонимдік фольклоры бұрын арнайы зерттелген жоқ. Жұмыстың негізгі ғылыми жаңалығы – осы. Сондықтан бұл мәселені көтеріп отырған біздің қорғауға ұсынып отырған тақырыбымыз «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» деп аталды. Осы орайда аталмыш тақырыпты зерттеу барысында мынадай ғылыми жаңалықтарға қол жеткіздік:

- топонимика мен фольклор саласының ғылыми негізі қосымша деректер арқылы кеңейтіле ашылып, қазіргі ғылыми парадигмалар тұрғысынан зерттелді;

- фольклор жанрларында көрініс беретін топонимдердің уәждік, деректілік сипаты айқындалды;

- қазақ, қарақалпақ, татар халықтарының қаһармандық және романдық эпостарындағы топонимдердің қолданыс аясы салыстырмалы тұрғыда зерттелді;

- түркі халықтары топонимдік фольклорының типологиясы мен поэтикасы зерттелді;

- фольклорлық шығармаларда топонимдердің әлемнің топонимдік бейнесін сипаттаудағы танымдық ерекшеліктері қарастырылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Зерттеудің басты жаңалықтары мен тұжырымдарын ЖОО студенттеріне арналған «Қазақ халық ауыз әдебиеті» міндетті компоненті мен «Топонимдік фольклор», «Қазақ эпосының поэтикасы» секілді таңдау курстарында, докторанттарға жүргізілетін «Қазақ фольклорының жанрлық түрлері» пәніне пайдалануға, сондай-ақ, оқу-әдістемелік, ғылыми, монографиялық еңбектер жазу барысында қолдануға болады. Жұмыста қолданылған әдіс-тәсілдер, тәжірибелік жұмыстар – фольклордың синкреттілік табиғатын танытатын және онымен бірге өскелең ұрпақтың бойына отаншылдық сезім, ұлттық тәрбие, түркілік дүниетаным бірлігін дарытатын құрал десе болады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен ұсынылатын тұжырымдары топонимдік фольклорға қатысты мәселелер мен зерттеулердің ғылыми-теориялық негізін қалыптастыруға, топонимдердің, аңыздық проза сюжеттеріндегі, эпос поэтикасындағы көрінісін ғылыми негіздеуге сеп болады. Сондай-ақ, тек қана түркі халықтарының емес, сонымен бірге басқа да әлем халықтарының фольклорлық шығармаларын жаңа парадигмада зерттеуге жол сала алады.

Жұмыстың құрылымы. Диссертациялық зерттеу кіріспеден, іштей жүйелігі сақталған тарауларға жіктелген үш бөлімнен, әр бөлім бойынша жасалынған тұжырымдардан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеудің нәтижесінде 8 кесте, 7 сурет берілген. Зерттеу деректері жалпы 18 жырдан, 2190 респондентке жүргізілген ассоциативтік зерттеу мәліметтерінен тұрады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

– фольклор мен топонимика ғылымдарының өзара байланыстылығы түркі халықтарының фольклорында қолданысқа түсетін топонимдерді зерттеу арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыда түркі халықтарының топонимдік фольклоры жаңадан қалыптасқан ғылым саласы ретінде ғылыми айналымға енеді;

– топонимдік фольклор лингвистика, география, тарих, этнография, этнология, эстетика және фольклортану сияқты басқа да ғылымдармен тығыз байланысты. Аталған саланың жанрлық ерекшелігі фольклордың басқа ғылым салаларымен байланысынан көрінеді. Бұл – фольклордың синкреттілік сипатынан туындайтын құбылыс;

– түркі халықтарының топонимдік фольклорын жаңа ғылыми парадигмада қарастыру зерттеуде лингвофольклортану бағытын қолдануға, когнитивтік тұрғыдан да назар аударуға, топонимдердің концептосферасын бағамдауға жол ашады;

– топонимдік фольклордың түркі халықтарына ортақ типологиялық белгілері бұл халықтардың қоршаған ортаны, дүниені тану негіздерінің бір екендігімен байланысты. Көшпелі өмір салтын ұстанған халықтардың табиғатты танып, кеңістікті игеруі, оларға ат қою принциптері ұқсас болып келеді, сондықтан олардың жер-су туралы шығармашылықтары да үндес келіп жатады, осыдан келіп олардың типологиялық белгілері айқындық табады;

– эпос поэтикасында топонимдердің қолданыс аясын салыстыра қарастыру үшін қазақ, қарақалпақ, татар халықтарының эпостары негізге алынды. Бұл қадамға барғанда аталған үш халықтың бір тілдік топқа (қыпшақ тобына) жататынын, географиялық орналасуын ескердік. Топонимдердің эпос поэтикасында қолданылуы, олардың танымдық, акпараттық, деректілік сипаттары батырлық және романдық эпостарды талдау арқылы анықталды. Бұл салыстырмалы талдауларды үлгі ретінде ұстанып, басқа да түркі халықтарының фольклорындағы топонимдердің қолданысын және сол арқылы көрініс табатын этникалық ерекшеліктерді айқындауға болады.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлдануы:

Зерттеудің негізгі бөлімі бойынша 6 мақала жарияланды:

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:

1. Ethnocultural Originality of Color Toponyms in Turkic Folklore. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 9(3), 2023. P. 216-225. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.903019>

2. Functioning of Toponymic Lexis in Turkic Epic Literature «Eurasian Journal of Applied Linguistics» no.8(3)/2022. P.45-54. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.803004>

ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Kenbayeva A.Z, Soylemez O. The place of toponyms in folk prose genres (on the example of regional toponymic legends). Известия КазУМОиМЯ имени

Абылай хана», серии «Филологические науки» №2, 2022, Том 65, с.291-302.
<https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.65.2.022>

2. Kenbayeva A.Z., Pangereyev A.Sh., Mambetova G.Zh. The study of place names in the karakalpak heroic epos “Yer Ziyuar”. Научный журнал «Keruen», № 2, 75 том, 2022. с. 72–82. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-05>

3. Кенбаева А.З., Пангереев А.Ш., Мамбетова Г.Ж. Функции топонимов в эпосе «Едиге» (на материале казахской, каракалпакской и татарской национальных версий) Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы ISSN 1999-4214 № 3/2022, с.155–165 <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-4.16>

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Peculiarities of toponyms functioning in kazakh folklore (on the material of heroic eposes) «Ізденістер мен бағыттар» тақырыбындағы І халықаралық түркологиялық конгресс материалдары. Карабюк, Түркия, мамыр, 2022. 305–314 бб. ISBN 978-605955-471-87